

***«Аққайың» кіші тобында ұйымдастырылған
«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша сурет салу
оқу қызметінің циклограммасы 2021-2022 оқу жылы***

Сурет салу педагогы: Т.А. Сатыбалдиевна

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 01.09-03.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің балабақшам»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 02.09.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қызығушылық туғызу, ойындар арқылы бала белсенділігін дамыту
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қарындаш ізін салайық» Мақсаты: Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Үш саусақтың арасына қарындашты дұрыс ұстауға үйрете отырып, көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; Үстелде дұрыс отыра білуге және ұсақ саусақ моторикасын дамыту. ҰОҚ өтілу барысы «Қарандаш пен ақ парақ қағаз туралы айту Балалар назарын фланеграфқа аударып, ертегі айту -Ерте, ерте, ертеде.... бір қорап өмір сүріпті. Ол міне мынадай екен. (қорапты көрсету). Сырты қандай әдемі безендірілген. (сыртқы суретіне тоқталып өту) Оның ішінде не бар екен? (қорапты қозғалтып ішіндегі қарындаштарды тыңылдатады) -Тыңдап көріңдерші, бұл қорап ерекше, сиқырлы қорап болды. Өйткені ішіндегі таяқшаларда сиқырлы көрінеді. Қане ашып көрейік. Бұл таяқшалардың түстері де сан алуан екен. (қарандаштарды алып түстерін сұрау) -Бұл таяқшалар көңілді би билегісі келіп тұр. (Олар қағаз бетіне кезек-кезек шығып би билеп «Көңілді із» қалдырмақшы болады) Ақ парақ қағазбен таныстыру, сұрақтар қою: -Мынау не? -Түсі қандай? Қарандашпен жұмыс жасау ережелері балаларға орындатылады Ақ қағазға майлы қарандашпен сурет салуға болады, бірақ қарандашты өте қатты басу қажет емес. Егер қарындашты қатты бассақ, қағаз жыртылып қалады. -Қарандашпен қағаз бетіне жоғарыдан төмен қарай бірнеше түзу сызықтар жүргізіледі -Қандай әдемі түстер! Мынау қандай қарандаштың ізі, кім айтады? -Қызыл, көк, сары сызықтарды сызғанда қолды батыл үзіліс жасамай жүргізіп көрсетіп, балалардың қол, саусақ қимылдарын жетілдіруге көңіл аударылады. -Қарандашты қалай ұстау керектігін көрсетіп, 2-3 рет ауада сызық жүргізіледі Сурет салу тәсілін түсіндіру; -Үш саусағымызбен қарандашты ұстап, солдан оңға және жоғарыдан төмен қарай сызықтар саламыз. Сурет салу кезінде қарандашты қатты басуға болмайды. -Солдан оңға қарай және жоғарыдан төмен қарай бірнеше түзу сызықтар салады; -Қандай әдемі түстер! -Қандай қарандаштың іздері екенін кім айтады? (балалар жасауына тыңдалады) Сергіту сәті «Өзіңе ұнайтын түсті тап» ойыны ұйымдастырылады. Қорытындылау: Сурет салу құралдарын өз орнына жинап қоюға үйрету Салынған суреттерді балаларға көрсетіп, әрқайсысын бағалап әңгімелеу
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балаларға қарандаш ұстауға үйрету, баланың қызығушылығын шектемеу керектігін түсіндіру

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 06.09-10.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің достарым»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 09.09.2021ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	<i>Оқу қызметіне қызығушылық туғызу, ойындар арқылы бала белсенділігін дамыту</i>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Досыма сыйлық» Мақсаты: Үзік сызықтар арқылы дөңселек, сопақша пішінді заттардың суретін салуды үйрету Психологиялық жаттығу. «Біз бақытты баламыз» Мақсаты:эмоционалдық көңіл-күйлерін көтеру. (күлу, ренжу, жылау, т,б) көңіл-күй бейнелерін көрсете білу Ой дамыту. Суретпен жұмыс. «Досқа көмектесу»тақырыбында сурет көрсетіледі Сұрақ жауап -Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? -Не істеп жатр? <i>Дұрыс, досына көмектесіп жатыр.</i> Тосын сәт. Қуыршақ Айгүл келеді. <i>Балалардан көмек сұрайды.</i> <i>Досының туған күніне шарлар апарғысы келетінін айтады</i> <i>Сопақша, дөңселек пішіндер суретін салып, бояудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.</i> <i>Дайын шарларды негізгі түстермен бояуды үйрету.</i> Құрлымдалған ойын: «Қандай түстер» <i>Жеке көмек көрсету. Жеке көмекті қажет ететін балаларға үзік сызықтар арқылы қосып бейнелетеді</i> Сергіту сәті. <i>Алға қарай бір адым,</i> <i>Артқа қарай бір адым,</i> <i>Жоғары-төмен қарайық,</i> <i>Орнымызды табайық.</i> Қорытындылау:Балалар бір бірінің жұмыстарын қарайды. Салған суреттерін қуыршақ Айгүлге береді. <i>Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?</i> <i>- Біз ненің суретін салдық?</i> <i>-Айгүлмен қоштасайық.</i> <i>Сендердің суреттеріңе риза болды.</i> <i>Жұлдызшалар арқылы балаларды мадақтау.</i>
Іс-әрекет түрлері	<i>Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау</i>
Балалармен жеке жұмыс	<i>Көмек қажет ететін балаларды оқу іс-әрекет барысында ескеру</i>
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	<i>Балаларға қарандаш ұстауға үйрету, баланың қызығушылығын шектемеу керектігін түсіндіру</i>

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 13.09-17.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 16.09.2021ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қызығушылық туғызу, ойындар арқылы бала белсенділігін дамыту
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Доп» Мақсаты: Балаларға доп туралы түсінік беріп, дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояуға үйрету ҰОҚ өтілу барысы: Шаттық шеңбері. Н. Айтөв. «Тату- тәтті тұрамыз» Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Өлең оқу Ш. Смаханұлы. «Доп» Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің. Зымырайсың, қутыңдайсың, Бірақ менен құтылмайсың. Ой дамыту -Доп туралы түсінік беру. Сұрақ – жауап(блум таксономиясы бойынша) -Доп қандай? -Оның пішіні қандай? -Доп неге ұқсайды? -Доп қандай қимыл жасайды? -Доптың түсі қандай? -Доп неден жасалған? -Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз? Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету(дайын үлгі суретін сызықтан шығармай сүйікті ойыншықтары допты бояту) Пед жет ойын: «Қандай түс» Шарты: Түстер таңдау. Балалардың өз беттерінше жұмыс жасауы. Қорытындылау: Балалардың жұмысын бағалау. Балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Негізгі түстерді ажырата білуге байланысты дидактикалық ойындар ұйымдастыру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың бояған суреттерін ата-аналарына көрсету. Бала қабілетін назарға алу керектігін ескеру

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 20.09-24.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: ««Жиһаздар»»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 23.09.2021ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қызығушылық туғызу, ойындар арқылы бала белсенділігін дамыту
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Менің кереуетім» Мақсаты: Балаларға кереует туралы түсінік беру. Трафареттің көмегімен суретті салып, бояуды үйрету Балалар, іс-әрекетімізді бастамас бұрын біріміздің-біріміз жылуымызды сезінейік. Армысың алтын күн, Армысың асыл жер. Армысың көк аспан, Армысың жан досым. Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым бос Ғажайып сәт. Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сандық тауып алдым. Бұл сандықта хат бар екен. Хаттың ішінде жұмбақ жасырыпты. Қорбан, қорбан етеді? Орман оның мекені. Тәтті балға тойып-ап Қыста ұйқыға кетеді. (Аю) Аю: Сәлеметсіңдер ме? Мен кішкентай қонжықпын. Мен орманда тұрамын. Ал сендер қайда тұрасыңдар? -Ал үйлерінде, бөлмелерінде не бар? Жұмбақ жасыру жауабын фланеграфқа орналастыру ұсынылады. Төрт аяғы болса да, Етік киіп көрмеген. Жалқаулығы соншама, Аттап шықпас бөлмеден. (үстел) Мен жәйлімін, жұмсақпын, Мені табу қиын емес- Ұнатады әжелер мен сәбилер Отыруға, жатуға. (Диван) Кеш батты, шаршадың сен, ұйқың келді Ұйқы бөлмеде күтіп тұр сені (Кереует) Қонжық: Менің інімдегі жиһазды біреу сындырып кеткен. Енді менде кереуетім жоқ. Сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар, орманда қонжықтың достары тұрады. («Үш аю» ертегісінің аюлар суретін көрсетеді). Сендер оларды таныдыңдар ма? Бұл қай ертегінің аюлары? Олардың үйлерінде бір жағымсыз жағдай болды. Біреу олардың үйлеріне кіріп, бүкіл жиһазды сындырып тастады. Трафарат көмегімен қонжыққа кереует суретін салып береді. Қорытындылау: Қонжық пен үш аюлар сендерге «рахмет» айтып жатыр. Сендер оларға өте көмектестіңдер. Қонжық балалармен қоштасады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Трафаратпен жұмыстануға көмек көрсету

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салу құралдарын дұрыс пайдалануға көмектесіп, бала ойымен бөлісіп отыру
---	---

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

5(1)-апта 27.09-01.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Балабақша»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 30.09.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қызығушылық туғызу, ойындар арқылы бала белсенділігін дамыту
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар» Мақсаты: Аквариум балықтары туралы түсінік қалыптастыру. Қылқаламмен және бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру Шаттық шеңбері. Біздің топта ұл-қыздар Тату-тәтті ойнаймыз. Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбын білу үшін жұмбақты шешіп көрейік. Сусыз өмір сүре алмайды, Аяғы жоқ, жүре алмайды. (балық) -Балалар, балықтар туралы білгілерің келе ме? Балықтар туралы әңгімелеу Балықтың түрлері өте көп. Балықтар суда өмір сүреді. Үйде асырайтын балықтар да болады. Көлде, теңізде өмір сүретін балықтар, үлкен болады. Ал үйде өмір сүретін балықтар, кішкентай болады. Олардың үйін аквариум деп атайды. Ендеше, сондай тірі балықтарды көргілерің келе ме? Бәріміз мына балықтардың арасымен жүріп көрейік. Сергіту сәті. «Балық» жаттығуы Балық жүзді, сүңгіді Таза суды бүлдірді Бір көрінді, жоқ болды Әдемілеп секірді. Аквариумның ішіндегі балықтарды көрсету. Аквариумға су құямыз және ішіне тас саламыз. Ішіндегі су мөлдір әрі таза болу керек. Олардың пішіні мен құрылысы әртүрлі болып келеді. Арнаулы құралмен аквариумға ауа да жіберіледі. Траферат көмегімен балықтар суретін салып, қылқаламмен бояуды үйрету -Балаларға көмектесу «Балық аулау» деген ойынын ойнағыларың келе ме? (ойын шарты түсіндіріледі) - Балалар, менің қолымдағы балық аулайтын қармақ. Бұл жай қармақ емес, сиқырлы қармақ. Осы қармақпен балық аулап көреміз бе? (Балалар біртіндеп келіп балық аулайды, қай бала көп балық аулаған санап, мадақтау) Қорытындылау: Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу қызметінде алған білімдері қорытындыланады. Балалар, ертегілерде алтын балық адамдардың тілегін орындайды екен. Мүмкін біздің де тілегімізді орындап қалар. Біз де алтын балыққа тілегімізді айтып көрсек қалай қарайсыңдар? (Балалар бір-бірден педагог жетелеуімен өз тілектерін айтады) -Жарайсыңдар балалар, ендеше осы жақсы тілектерімізді алтын балыққа үрлеп

	жіберейік.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Трафератпен жұмыстануға көмек көрсету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салу құралдарын дұрыс пайдалануға көмектесіп, бала ойымен бөлісіп отыру

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 04.10-08.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Отбасым»

Апта тақырыбы: «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 07.10.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Отбасы мүшелеріне байланысты Санамақты қайталау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балалардың фломастермен сурет салуға деген қабілеттерін арттыру. Қол қимылдарының қозғалысын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Шаттық шеңбері Күнге қарап қолымды, 1-2-3 деп соғайын. Қарап тұрған досымның Ыстық алақаныммен Қолынан мен ұстайын Тосын сәт: Айсұлудың үйдегі мысығы ойнап жүріп әжесінің жіп шумақтарын тарқатып тастапты, Айсұлу сендерден сол жіп шумақтарын орауға көмек сұрай келіпті. Өткен оқу қызметінде әдемі жіптердің суретін салғандарын балалардың есіне салып, себеттегі жіптерді балаларға таратып береді. - Алдарыңда тұрған жіптерді орап, Айсұлудың әжесіне көмектесулеріңе болады. «Жіптер орамы» ойыны. Ойынның шарты: Балаларға себеттегі тарқатылған жіптерді беріп орату. Жіпті орап болған балалар жіптің түсін атап, себетке салады. - Балалар, енді әже сендердің ақылды, епті екендеріңді білетін болады. Сергіту сәті. Бір дегенде орнымыздан тұрайық, Қолымызға жіпті ұстап алайық, Екі- үш рет жібімізді орайық, Қайта барып орнымызды табайық. - Балалар, Айсұлу сендердің суретті де жақсы салатындарыңды біледі, енді жіп орамының суретін салып берулеріңді сұрайды. Ол үшін ауада бірнеше рет жаттығу жасап көрейік. Қарындаштарын алып, бір нүктеден бастап қолды үзбей сызық сызуға жаттығады. Педагог балаларға қағаздың сол жағынан, жоғарыдан бастап ортасынан бір нүктені белгілеп, қолды үзбей дөңгелетіп, жіп орамын салу керектігін көрсете отырып, үлгіге қарап бірнеше жіп орамдарын салып, балаларға да осылай салуды ұсынады. Қиналған балаларға көмек көрсетіліп, бағыт-бағдар беріледі.

	Айсулу балалардың жұмысын мадақтап, әжесі мен өзінің атынан алғысын білдіріп, себеттегі жібін әжесіне алып баратынын айтып қоштасады. Қорытындылау: Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастырып, бүгінгі оқу қызметіне кімнің қалай қатысқанын айтып қорытындылайды.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Фламастермен ұқыпты жұмыстану ды үйрету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың жасаған жұмыстарын «Біз не жасадық?» бұрышына орналастырып, ата-аналарға көрсету

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 11.10-15.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Отбасым»

Апта тақырыбы: «Менің көшем»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 14.10.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Отбасы мүшелеріне байланысты Санамақты қайталау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Көше шамдары» (трафератпен жұмыс) Мақсаты: Көше шамдары туралы түсінік қалыптастыру. Дәстүрден тыс-трафератпен сурет салу әдісін пайдалану Шаттық шеңбері Күнге қарап қолымды, 1-2-3 деп соғайын. Қарап тұрған досымның Ыстық алақаныммен Қолынан мен ұстайын «Доп лақтыру» ойынын сұраққа жауап беру бойынша ойнату -Балалар сендер қайда келіп отырсыңдар? -Балабақшаға қайдан келіп отырсыңдар? -Үйлеріңде кіммен тұрасыңдар? -Сендер өз үйлеріңнің қай көшеде тұратынын білесіңдер ма? Балаларға слайдтан алдын-ала дайындалған өздері тұратын үйдің, көшелерінің суретін көрсету -Балалар біздің көшелерімізге жарық жетіспейтін сияқты. Ендеше траферат көмегімен «Көше шамдарының» суретін саламыз Қауіпсіздік ережелері: Қылқаламды дұрыс ұстау керек, бояуды ауызына салмаймыз, саусақтарды кірлесек, қол сүрткішпен сүртеміз. Сурет аяқталған соң, қылқаламды жуып орнымызға саламыз. Суретті салу жолдарын көрсетіп түсіндіріп отыру - Сендердің алдарыңда шамның суреті бар, сол шамнан жарық сәулелерінің шашырап тұрғанын қылқаламды сары бояуға батырып, қатты бастырмай сүйкей жағу арқылы бейнелейміз Біріншіден қылқаламды алып, ауада сурет саламыз. Сосын бояуға батырып қағазға сурет саламыз. Сергіту сәті: Қылқаламды қояйық, Орнымыздан тұрайық. Қолымызды созайық,

	Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Біз тынығып алайық. Балалар орындарына отырып жұмыстарды жалғастырады «Теп-тегіс жолменен» ойыны ойнатылады Балалар жұмыстарын жинап, кімнің қалай сурет салғанын айтады. Оқу қызметі қорытындыланады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Суреттерін толықтай сала алмаған балалармен оқу қызметінен бос уақытта жұмыстану керектігін назарға алу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың әр күндегі жұмысын мадақтап отыру

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 18.10-22.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Отбасым»

Апта тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 21.10.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қажетті дайындалған құралдарды өз орындарына апарады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Ұзын, қысқа жолдар» Мақсаты: Оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру арқылы, қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту Шаттық шеңбері Ал, қанеки, тұрайық, Шаттық шеңберін құрайық! Қол ұстасып алайық, Жылулықты шашайық! Балалар, мен қазір сендерге жұмбақ жасайрайын, сендер жауабын тауып көріңдер: Ұзын, ұзын, ұзын жіп, Ұшына шыққан жан бар ма? Ақырын басқан жан бар ма? Ұшына шықпас жалғанда (жол) Бүгін біз майлы қарындашпен жолдың суретін саламыз. Фланелеграфқа қызыл ұзын жолақты, көк қысқа жолақты қатарластырып қойып көрсетеді Екі жолақшаның қайсысы ұзын, қайсысы қысқа? Түстері қандай? Бүгін ұзын-қысқа жолды саламыз. -Тақтаға бормен бір шетінен екінші шетіне дейін жеткізе сызық жүргізіп көрсетеді. -Бұдан кейін ауада қарындашты дұрыс ұстауларын ескерте отырып, солдан оңға қарай бірнеше сызық жүргізгендей қимыл жасайды. -Енді қағазға қарындашты өте қатты баспай ұзын-ұзын сызықтар жүргізу «Ұзын жолдар» болады. Мынадай жолда машина жақсы жүреді, жол тегіс (түзу) болмаса машина жүре алмайды. Қандай әдемі жолдар жасадық, енді бәріміз машиналарды жолда жүргізіп ойнаймыз Сергіту сәті: «Машина» әні. Т.Тұяқбаев «Бип-бип, бип,»- дейді, «Жолдан былай кет,»- дейді Күшікті басуға, басуға Болмайды, болмайды машина. «Бип-бип, бип,»- дейді «Жол шетінде күт,»- дейді Көшеде жүруге асыға Болмайды, болмайды машина. Оқу іс-әрекетін аяқтайды да, балаларды гимнастикалық орындықтың қасына жинайды. Мына жерде өздерің бейнелегендей ұзын-қысқа жолдар жатыр, қане, барлығымыз осы жолдармен өтейік. Қорытындылау: Балалардың салған суреттерін тақтаға қойып, мадақтайды.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Кейбір дұрыс сызық жүргізе алмаған балаларға сол балалардың өзінің қағазына сызып көрсетеді.

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балабақшаға келе жатқанда не болмаса үйге кетіп бара жатқанда балаларға жолдан өту ережелерін айтып түсіндіріп жүрулерін айту
---	---

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 25.10-29.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Отбасым»

Апта тақырыбы: «Алтын күз»»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 28.10.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Ойын материалдары мен сурет салу құралдарын дайындау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қызыл, сары жапырақтар» Мақсаты: Балаларға сурет салудың дәстүрден тыс тәсілі-алақанмен сурет салуды, негізгі түстерді ажырата білуді үйрету Шаттық шеңбері Достарымның барлығын, Сыйлап жақсы көремін. Алақаным арқылы, Жылуымды беремін. Слайд: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды? -Күзде күн суыта бастайды, жаңбыр жиі жауады, жапырақтар сарғайып жерге түсіп, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Адамдар жылы киінеді. Жер алтын сары түске боялады. -Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет. (Балалардан олардың түстерін сұрайды) Мынау – сары, мынау – қызыл жапырақ, ал мынау – қызғыл сары жапырақ. Кәнекей, бәріміз бірге қайталайықшы. Балалармен бірге бірнеше рет қайталайды. Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді. Сергіту сәті. Жел соқты, жел соқты, Ағаштар желмен шайқалды. Жел соқты, жел соты, Жапырақ түскен байқалды -Балалар, жапырақтар қандай әдемі болып ұшып жатыр. Олар неткен көп. Бейне бір жерге әдемі кілем төсеп қойғандай. Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін алақан арқылы салып көрейік. -Міне, мынау-сары, қызыл бояулар. Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, тағы да сол қағаздың бірнеше жеріне басып, жапырақтардың бейнесін жасаймыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.

	<i>Іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</i> <i>Балалардың алақан арқылы салған түрлі жапырақтар суретін мадақтап, «Жапырақтар шоғыры» көрмесін ұйымдастыру</i> Қорытындылау: Әдемі қызыл, сары жапырақтарды бейнеледіңдер, Қане, балалар жасаған жұмыстарыңды қолдарыңа алып, бір-бірлеріңе көрсетіңдерші.
<i>Іс-әрекет түрлері</i>	<i>Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау</i>
<i>Балалармен жеке жұмыс</i>	<i>Оқу қызметінде түстерін таңдап, жапырақтардың әдемі болуына назар аударып көмек көрсету</i>
<i>Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар</i>	<i>Балабақшаға келгендегі баланың әр күндегі жетістігімен ата-аналарды қуаныш сыйлау</i>

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 2-апта 01.11-05.11.2021ж
 Өтпелі тақырып: «Дені саудың, жаны сау»
 Апта тақырыбы: «Өзім туралы»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 04.11.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Дидактикалық ойын: «Түстеріне қарай үзілген моншақтарды жина» Шарты: Балалар түрлі моншақтарды ажыратып түстерін ажыратады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Менің моншақтарым» Мақсаты: Сызықтар жүргізу арқылы дөңгелектерді бір-біріне қосу арқылы моншақ сурет салуды үйрету Шаттық шеңбері Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Кәне барлығымыз шеңбер болып тұрып өлең жолдарын қайталайық Жақсылық көрсен біреуден, «Мен қандаймын?» деп ойла. Жамандық көрсен біреуден, «Мен қандаймын?» деп ойла. -балалар сендер бүгін қандай әдемісіңдер! Біздің тобымыздағы қуыршақты да біреу әдемі етіп киіндіріп қойған. (Қуыршақты көрсету) Бірақ қуыршағымызға әшекей бұйымдары жетпейтін сияқты. «Әшекей бұйымдарды көрсет» ойыны Ойын шарты бойынша балалар әшекей бұйымдарын танып ажыратады. -Моншақ түрлері, түстері, пішіні қандай болатынын түсіндіреді. -Балалар, сендер сурет салғанды жақсы көресіңдер ма? Сурет салғанда не пайдаланамыз? Ал, бүгінгі оқу қызметімізде суретті саусақпен саламыз. -Моншақтардың реті мен отырып тізілгенін көрсетеді. -Балаларға үлестірмелі материалдағы салынған дөңгелек сызықты «моншақтың жібi» деп түсіндіріп, оған әдемі моншақтарды тізуді ұсынады. -Моншақ салу үшін сұқ саусақты пайдалану керектігін түсіндіру; -Содан соң дәптерлеріне саусақпен біркелкі дөңгелектерді салып қарандашпен жібін салуды ұсынады; Балалар үлгіге қарап отырып жұмыс жүргізеді. Сергіту сәті: Сыңғыр-сыңғыр моншақтар, Құлағында сырғалар, Оң қолында білезік. Сол қолында білезік Саусақтарда сақина, Санап көрші, кәнеки 1,2,3.....1,2,3, Сурет салу барысында қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі; -Бояуға салған саусақты ауызға салмау; Қорытындылау: Оқу қызметіне жақсы қатысқан балалар мадақталады
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Саусақпен ұқыпты жұмыстануларын қадағалау

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баладан «Не үйрендің?» сұрағы бойынша бала ойын тыңдау
---	--

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 08.11-12.11.2021ж

Өтпелі тақырып: «Дені саудың, жаны сау»

Апта тақырыбы: «Дұрыс тамақтану, Дәрумендер»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 11.11.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	«Бақта ма, бақшада ма? Шарты: Жемістерді липучкамен өсу орнына орналастырады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Дәмді алмалар (трафаретпен жұмыс)» Мақсаты: Алманың суретін трафарат арқылы сала білуді үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. Шаттық шеңбері: Бір-біріне күліп амандасады Қызыл- жасыл, қарасын Қолға кезек аласың. Қарындашпен әртүрлі, Алуан сурет саласың. Қарындаштың көмегі, Міне, қандай көп еді. Ұштай біл де, ұстай біл, Түрлі өрнек төгеді. (Н. Айтов.) Өлең шумағын оқып, қандай оқу қызметі болғалы тұрғанын айтып, тақтаға «Күз» мезгілінің суреті ілінеді. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту үшін әңгіме жүргізіледі. Педагог балаларға сурет бойынша әңгіме құратады. -Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алма туралы сұрақтар береді. «Домалақ», «әдемі», «қызыл», «сары», «жасыл» деген сөздермен сөз тіркесін құрастырады. Балаларға алманың суретін салуды айтады. Педагог алманың суретін салу жолдарын түсіндіреді. -Трафарат арқылы алма суретін салу; -Қылқаламды үш саусақпен ұстап, суға батырып, артық суды стақан ернеуіне сүйкеу арқылы қалдырып, қалаған бояуымызға салып, қылқаламмен алманы толық бояп шығамыз. -Енді қылқаламды жуып, қоңыр бояуға салып, алманың сабағын саламыз. Алманың ішін бояу үшін қылқаламды бояуға толық батырып жоғарыдан төмен қарай жүргіземіз. Сергіту сәті: Қолды үстелге қоямыз, Саусақтарды санаймыз. 1,2,3,4,5 - 1,2,3,4,5 Екі қолды қос. Сұрақтар арқылы оқу іс-әрекетін пысықтау. -Қараңдаршы, балалар, алмаларымыз әр түсті болып шықты (тақтаға балалардың жасаған жұмыстары ілінеді). Балалар жұмысын талдап мадақтайды. Қорытындылау: Балалардан жеке-жеке жауап алынады. Мысалы: Мен алманың

	суретін салдым. Алма- жеміс, ол ағашта өседі.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Трафератпен ұқыпты жұмыстануларын қадағалау
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салу оқу қызметінде пайдаланатын, дәстүрден тыс сурет салу жолдарын ата-аналармен бөлісіп отыру

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
4-апта 15.11-19.11.2021ж


Өтпелі тақырып: «Дені саудың, жаны сау»

Апта тақырыбы: «Өзіңе және өзгелерге көмектес»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 18.11.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Фланеграфқа ауылда кездесетін құстарды іледі, атын атайды
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыра отырып, мақталы таяқшамен жем салуға үйрету. Қамқорлыққа тәрбиелеу Шаттық шеңбері: Күлімдеп күн бүгін, Қарады маған да. Күлімдеп күн бүгін, Қарады саған да, Шуағын төгіп тұр. (Балалар бір - біріне жылулық сыйлайды) - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Күз - Күзде бар жан - жануарлардың тіршілік етуі қиындай бастайды, себебі қыс мезгілі келе жатыр, күн салқындай бастайды, жемдерін тауып жей алмайды. Сондықтан олар адамдар тұратын жерлерге таяу келіп қоныстанады. Біз оларға жем шашып қамқорлық жасауымыз керек. Құстар біздің досымыз. Құстардың адамдарға, табиғатқа пайдасы өте зор. Құстар зиянкес жәндіктермен қоректенеді. Соның ішінде торғайда бар. Торғай кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын сұрғылт, боз түсті болып келеді. Бәріміз торғайды тамақтандырайықшы. Балаларға сурет салу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Техника қауіпсіздігін ескерту. Балалардың жұмысы: Дайын бояуды мақталы таяқшамен нүктелер жасайды. Сергіту сәті: Қане қанат жазайық Қарлығашқа ұқсайық Ұшып - ұшып алайық Орнымызға қонайық. - Балалар, тыңдаңдаршы маған торғайлардың даусы естіліп тұрған сияқты. Балалар торғайлардың даусын тыңдайды. Сендердің торғайға жем дайындағандарыңды естіп торғайлар қуанып жатырған

	сияқты Қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру.Жасаған жұмыстарын мақтау - мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанана бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Мақталы таяқшамен жұмыстанғанда бейнені дұрыс көрсете білуге көмектесу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Сурет сауда мақталы таяқшаны көп пайдаланатындықтан,мақталы таяқша әкелулерін ескерту

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 22.11-26.11.2021ж

Өтпелі тақырып: «Дені саудың,жаны сау»

Апта тақырыбы:« Біз күштіміз, ептіміз»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 25.11.2021ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	«Еңбек құралдарын ата»ойыны арқылы оқу қызметінің тақырыбын ашу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:« Еңбек құралы-күрек» Мақсаты: Балаларға еңбек құралдары туралы мағлұмат бере отырып,трафарет көмегімен еңбек құралы-күректің суретін салғызу.Еңбек сөзінің мағынасын түсіндіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу Шаттық шеңбер жасау: Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! Балаларға жұмбақ жасыру. Сабы-таяқ, Басы-қалақ. Ұшын жүрер, Жерге қадап. /күрек/ Еңбек құралдары олардың пайдаланылуы туралы түсінік беру. «Кім не істеп жатыр?»тақырыбында сурет бойынша әңгімелеп,үлкендер еңбегін түсінеді - Бүгін сурет салу оқу қызметінде біз сендермен күректің суретін трафератпен салып үйренеміз. Көрсету: Күректің суреті мен үлгі суретін балаларға көрсету; Түсіндіру: Күректі қалай салу керек екенін балаларға түсіндіру; Сергіту сәті: Ал,балалар тұрайық, Қолды белге қояйық. Жоғары-төмен қарайық, Қолға ағаш алайық. Енді тұрып бәріміз Шаруашылық құралын Рет- ретімен жасайық. Шаруашылық құралы-күректі тиісті тәсіл арқылы салуға кіріседі.

	Қорытынды: Балалар біз бүгін оқу қызметінде ненің суретін салдық? -Шаруашылық құралдарды атап беріңдер?Оларға не жатады? Балалар көрмеге өз жұмыстарын қойып бір-бірін бағалайды. Балаларды смайлктер арқылы бағалау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Трафератпен жұмыстанғанда бейнені дұрыс көрсете білуге көмектесу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Егер бала үй жағдайында сурет салу құралдарын талап етсе,балаға шектеу қоймау керектігін ескерту

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 29.11-03.12.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы:«Елін сүйген Елбасы»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 02.12.2021ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Рәміздерді құрастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Жалаушаларға таяқшаларын сал»» Мақсаты: Әр түрлі жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсінік беру.Ақ парақтағы дайын үлгідегі жалаушаның таяғын салуға үйрету Шаттық шеңбер жасау: Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! Сұрақ-жауап -Балалар біз қай елде мекен етіп жатырмыз? -Педагог жетелеуімен сұраққа жауап береді Суретті көрсете отырып түсінік беру - Есімізге түсірейікші қолымызды жүрегімізге қойып біз қандай ән айтатын едік? -Қазақстан Республикасының Елтаңбасы мен Туы бар.Енді Республикамыздың туына жақсылап назар аударайықшы. Туымыздың түсі қандай екен? Ортасында нелердің бейнесін көріп тұрмыз? -Неліктен күн мен қыран құс бейнеленген деп ойлайсыңдар? -Тудың шетін қалай әсемдепті? Сергіту сәті: Жаса-жаса алтын күн, жаса –жаса жарқын күн, қағаздан ту жасайық, Жалаудан күн жасайық. Олай болса бүгін сендерге ту суретін саламыз -Үстел үстіндегі құрал-жабдықтармен таныстыру; -Ақ парақ қағаздағы дайын ту суретінің үлгісіне қарандашпен таяқшасын салу -Тудың таяғын салу -Әр балаға көмектесу 4.Әр кезеңде атқарылған жұмыстарын мадақтап, үлгі ретінде басқа балаларға

	көрсетемін. Қорытындылау: Сонымен, бүгін біз не салдық? -Оның түсі қандай екен? -Өздерің осындай тәсілде суретті сала аласыңдар ма? Әр жұмысты мадақтап, көрмеге орналастыру.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанана бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Қажет болған жағдайда көмек көрсету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Екі, үш ай аралығындағы балалардың сурет салуға деген қызығушылықтары туралы ата-аналар, топ тәрбиешілерімен әңгімелесу

Бекітемін:

әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 06.12-10.12.2021ж


Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Алақай қыс келді!»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 09.12.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Фланеграфқа қыс мезгіліне сәйкес суреттерді орналастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды» Мақсаты: Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Саусақ арқылы жапалақтап жауған қардың бейнесін салуды үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу Шаттық шеңбер жасау: Ауадан қуат алайық , Алақанға салайық , Жерден нәр алайық , Алақанға салайық , Күннен шуақ алайық , Алақанға салайық . Суретпен жұмыс Балалар суретке назар аударайықшы. - Мына суретте қай жыл мезгілі бейнеленген ? - Балалар қар жылдың қандай мезгілінде жауады? - Қыс мезгілінде табиғатта қандай ерекшеліктер болады? - Мына суретте қандай заттардың үстіне қар жауып қалған ? - Қыс мезгілі сендерге ұнайма ? - Жақсы , қыс мезгілі өте қызықты . Қыста айнала аппақ , тып-тыныш күйге айналады. Біз шаанамен ойнаймыз, аққала жасаймыз . Бүгін біз алғашқы қар жайлы ойымызбен бөлісетін боламыз. - Бұлттардан жапалақтап келе жатқан қарды саусақпен , ал жерде жатқан қарды таяқшамен саламыз. - Бір-бірімізге бөгет жасаймай , ұқыпты орындаймыз. - Балалар қардың түсіне қарай бояуды пайдаланамыз - Балаларға салу әдістерін, жағу әдістерін көрсету Сергіту жаттығуы: Аппақ-аппақ жапалақтап, Қар жауады тамаша. Ойын ойнап шаттана Жасаймыз біз ақ қала.

	Көмек қажет еткен балаларға көмек көрсету. Қорытындылау: Балалардың жұмыстарын талдап, бағалау, жұмыстары туралы әңгімелету. Балалардың жұмыстарынан «Қыс келбеті» тақырыбында көрме ұйымдастыру
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Қажет болған жағдайда көмек көрсету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салуда балалардың қабілеті мен қызығушылықтары туралы айту, ой бөлісу

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

I-апта 20.12-24.12.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Жаңа жылдық сыйлықтар»»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 23.12.2021ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Фланеграфқа қыс мезгіліне сәйкес суреттерді орналастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: ««Шырша келді ортаға»» Мақсаты: Балаларға оңай тәсілмен қоңыр түсті қарандашты пайдалана отырып, шыршаның салу жолдарын көрсетіп үйрету. Балалардың қызығушылығы мен белсенділіктерін дамыту Шаттық шеңбер жасау: Ауадан қуат алайық , Алақанға салайық , Жерден нәр алайық , Алақанға салайық , Күннен шуақ алайық , Алақанға салайық . Ғажайып сәт. Топқа қолында шыршасы бар тиін келеді. Мұңайып тұрады. -Тиін сен неге ренжулісің? -Қолыңдағы ненің суреті? Балалар Жаңа-жыл мерекесіне орай тиін сендерден шыршаны безендіруді үйренгісі келеді. Біз оған үйретеміз бе? Шыршаның түсі қандай болады? Геометриялық пішіндермен безендірілген шырша ағашының үлгісін көрсету. -Балалар тақтадағы шырша ойыншықтары немен безендірілген? -Ойыншықтардың пішіні қандай? Біз де бүгін шыршаны геометриялық пішіндермен бастырып үшін қоңыр қарандашты таңдайық Ойыншықтарды мақта оралған таяқшамен салу тәсілін көрсетемін. -Дөңгелекті солдан оңға қарай дөңгелете сызу. -Түстерді кезектестіріп бейнелеу. -Бояуды біркелкі үзбей, таяқшаны баспай жеңіл, көтеріңкі жағу. Сергіту сәті: Жасыл шырша орманнан Бізге арнайы келіпті. Ойыншығын балалар Шыршаға әсем іліпті. Шырша шамдарының түсі әртүрлі болатынын айтады. Балалар түстердің атауларын қайталап, естеріне түсіреді.

	Балалардың өзіндік жұмыстары. Балаларға әдіс-тәсілдерді көрсеткен соң, сурет салуға нұсқаулық беріледі. Қорытындылау:-Балалар бүгін бізге қонаққа не келді? - Біз сендермен нені безендірдік? - Оның түсі қандай? - Қандай мереке шыршасыз өтпейді? - Балалар, сендерге тиін рахмет айтып жатыр. Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жұмыс барысында бақылау,жеке нұсқаулық беру,балаларға көмектесу.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Сурет салуда балалардың қабілеті мен қызығушылықтары туралы айту,ой бөлісу

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 27.12-31.12.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа-жыл!»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 30.12.2021ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Фланеграфқа жаңа жыл мерекесіне сәйкес суреттерді орналастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» Мақсаты: Шырша суретіне дөңгелек пішінді ойыншықтар суретін салуға үйрету. Мақталы таяқшаны пайдалану. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу. Шаттық шеңбер жасау: Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық, Жерден нәр алайық, Алақанға салайық, Күннен шуақ алайық, Алақанға салайық. «Кім тапқыр?» ойыны Жұмбақ жасауына орай жаңа тақырыпты түсіндіру Балаларға ертең үйімізде отбасымызбен Жаңа жыл мерекесін тойлайтынымызды мерекеге Аяз ата мен Ақшақар келетіндігі жайлы айтады. Аяз атанның сыйлық әкелетіндігін, үйлерінде құрған шыршалары, шыршаны қалай безендіргендері жайлы әңгімелейді. -Ата-аналарың мерекеге арнап үйде шырша қойды ма? Сендер оны қалай безендірдіңдер? Сендерге кім көмектесті? -Балаларға дайын шыршанның суреті салынған ақ парақ қағаз таратады. -Шырша ойыншықтарының түсі әртүрлі болатын айтады. Дөңгелек ойыншықтарды мақта оралған таяқшамен немесе қылқаламмен салу тәсілін көрсетеді. -Балалар өздері қалаған түсті таңдап алып, дайын шырша үлгісіне мақта оралған таяқшамен немесе қылқаламмен дөңгелек ойыншықтарды салады. Ойыншықтармен безендірілген шыршаны тамашалайды. Балалар түстердің атауларын қайталап, естеріне түсіреді. Сурет салғанда жұмыс орындарын ластамай, таза ұстап, жұмыстары аяқталғаннан кейін жинау керектігін түсіндіреді. Сергіту сәті: Аспан жерге төгеді, Ақ күмісін уыстап. Жаңа жылда келеді, Бізге қарай жылыстап. Қорытындылау: Балаларға мерекеге арнап жаттаған тақпақтары мен өлеңдерін айтқызады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жұмыс барысында бақылау, жеке нұсқаулық беру, балаларға көмектесу.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Жаңа-жыл мерекесінде балалардың қызы, ушылығы, әңгімелеуде айтылған бала ойларын айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 03.01-07.01.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табигат әлемі»

Апта тақырыбы: «Айналамыздағы өсімдіктер»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 06.01.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Мнемокесте бойынша қыс мезгіліне әңгіме құрау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жапырақсыз ағаштар, қысқы ағаштар келбеті»» Мақсаты: Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныса отырып, қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін салуға үйрету Шаттық шеңбер жасау: Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық, Жерден нәр алайық, Алақанға салайық, Күннен шуақ алайық, Алақанға салайық. «Кім тапқыр?» ойыны Қыс мезгіліне байланысты жұмбақтар шешкізіп, қыс мезгіліне тоқталу -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінің басты ерекшелігі неде? Тосын сәт: Топта кенеттен қар ұлпалары пайда болады. (таратпалы заттар) Әрине, бүгін біз қар жамылған ағаштарды, яғни жапырақсыз ағаштарды бейнелейміз. Үлгімен таныстыру. -Ағаштарды қырыққабаттан салу -Ағашқа жағу арқылы қар салу -Қар жамылған бейнені ақ ғауашпен саламыз. Қар жауып тұрған сәтті шашырату әдісімен салып көрсету. «Күні бойы ермекпен» саусақ жаттығуын жасату Қар жамылған ағаштарды бейнелеуді жалғастыру. «Қимылмен көрсет» ойын-жаттығуы -Қар қалай жағады? (қимылмен көрсетеді) -Қар қандай болады? -Қар неге ұқсайды екен? (ақ мақтаны алып алақандарына салып үрлейді) -Дұрыс балалар қар, әдемі өрнектелген жұлдызшаға ұқсайды екен. Қорытындылау: Балалар жұмысынан көрме ұйымдастыру. Жұлдызша арқылы балалар жұмысын бағалау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жұмыс барысында бақылау, жеке нұсқаулық беру, балаларға көмектесу.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың сурет салып отырған суреттерін ата-аналарға жіберу, балалардың өзіндік жұмыс орындауларын көрсету

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 10.01-14.01.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Жануарлар әлемі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 13.01.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Дала жануарларын, үй жануарларын өз тіршілік ету орнына орналастырады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қардағы іздер» Мақсаты: Балаларға ақ нарақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіре отырып, пайда болған бейнені көре білуге үйрету Шаттық шеңбері Күлімдеп күн бүгін, Қарады маған да. Күлімдеп күн бүгін, Қарады саған да, Шуағын төгіп тұр. Тақпақты қайталау Домалатып ақ қарды, Ұла қарлар жинаймыз. Үлкен, кіші, орташа, Дөңгелектеп құраймыз. -Балалар мен серуендеп жүріп қардағы адамдардың, ит, құстардың, машиналардың іздерін көрдім. Сендер серуендеп жүргенде қарға із түсіріп жүргендерін естеріңде ме? Суретпен жұмыс -Ал мына суреттерде аюдың қорбаңдап, қоянның секіріп жүретінін, құстардың жем шоқып жегенін әңгімелеп беру. -Аюдың, адамның іздерін суреттен көрсету -«Қимылды қайтала» жаттығуы Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бұғулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек. Қауіпсіздік ережесі: қылқаламды ұқыпты ұстау, жанындағы балаларға тигізбеу, ауызға салмау. -Міне, сендердің алдарыңда ақ қағаз, сендер оны «қар жамылған дала» деп елестетіңдер. Ал қарға ешқандай із түспеген, әлі ешкім де, еш нәрседе жүрмеген. Осы ақ қардың үстіне бояумен із түсіріп көрейік. Енді мына қоянға көмектесейік, ол қарда қалай жүгіреді екен? Ақ қағазға бояумен із түсіріп көрсетеді. Бұл ненің ізіне ұқсайды? -Енді орнымызға отырып, қылқаламның ұшын қатты баспай, кішкене дақтар түсіре отырып қоянның ізін қалай салуға болатынын, қағаз бетіне дақ түсірудің жолдарын көрсетеді. -Қоян секіріп- секіріп жүретіндіктен, арасын ашақ немесе жақын да орналстыруға болады. Сергіту сәті: (Балалар музыка әуенімен аңдардың қимыл- қозғалысын жасау) Қорытындылау: Қыста қарда оның үстімен жүріп өткен адамдардың, аңдардың іздері қалады ма? Қағазға қылқаммен дақ түсіре білгендері, бояумен ұқыпты жұмыс істегендері үшін балаларды мадақтау. Суреттерден көрме ұйымдастыру.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Тақырыпты меңгертуде балалармен жеке жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың сурет салып отырған суреттерін ата-аналарға жіберу, балалардың өзіндік жұмыс орындауларын көрсету

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 17.01-21.01.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Қыстайтын құстар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 20.01.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Д/о: «Геометриялық пішіндерден ұя құрастыру» Балалар тік төртбұрыштың үстіңгі жағына үшбұрышты орналастырады да, тіктөртбұрыштың ортасына дөңгелекті қояды.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Суық торғай» Мақсаты: Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіне отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды бейнелеуге үйрету. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Шаттық шеңбері Күлімдеп күн бүгін, Қарады маған да. Күлімдеп күн бүгін, Қарады саған да, Шуағын төгіп тұр. Қызықты сәт: Балалардың назарын терезеге аудару. Балалар құстардың іс-қимылына назар аударады: ағаштан-ағашқа, бұтақтан-бұтаққа секіріп, шетеннің жидегін іздейді. -Балалар құстарға қыста өмір сүру қиын ба? - Біз құстарға қыста қалай көмектесеміз? -Құстар үшін біз не жасаймыз? Суретпен жұмыс: Қыстап қалатын құс-суықторғай туралы түсінік беру. Суықторғай-тәкаппар құс. Оның төсі-ашық қызыл түсті, басында қара түсті баскиімі бар. Қанаттарында ақ жолақтары болады. Оны тағы да «бозшымыш, қызылтөс» деп атауға болады. Суықторғай бұтадан көтеріліп ұшқан кезде күнге айна сияқты шағылысады. Бірақ ол-суықторғайдың «әжесі». Ал «анасының» төсі сұр-қоңыр түсті болып келеді. Суықторғайдың дене бітіміне назар аударады (тұмсығы, қанаттары, аяқтары). Суықторғайдың төсінің түсі қандай? (Қызыл). Басындағы баскиімі ше? Тұмсығы ше? Неліктен тұмсығы қысқа әрі жуан? -Балалар, бәріміз бірге суық торғайдың суретін салуды үйренейікші. Көрсету және түсіндіру. Құстың басы домалақ, денесі сопақша, ал тұмсығы, құйрығы үшбұрышқа ұқсайды екен. -Трафарет көмегімен салу Бояу қарындашпен тегіс, біркелкі бояу тәсілін көрсету. Сергіту сәті: Бұтаққа қарашы, (Қолдарымен екі бүйірлерін ақырын соғады). Қызыл кеуде торғайлар. (Кеуделерін көрсетеді). Қанаттарын жайды, (Қолдарын екі жаққа созады). Күнге қыздырынады. (Саусақтарын қимылдатады). Бастарын әрі-бері қозғайды, (Бастарын оңға, солға бұрады). Жем іздеп ұшады. (Шеңбер бойымен «қанаттарын» қағып ұшады). Шик-шиқ! Ұштық! Балалардың өзіндік жұмыстары. Балаларға парақшаларды тарату, бояу қарындаштарын беру. Суық торғайларға қыстан аман шығу үшін қалай көмектесуге болады? Қорытындылау: Біз бүгін қандай құспен таныстық? Оны тағы да қалай атауға болады? Суықторғайды неге құс дейміз? Суықторғай не жегенді ұнатады? Жұмыстарын бағалап балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау

Балалармен жеке жұмыс	<i>Суретті біркелкі етіп бояуды үйрету.</i>
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	<i>Сурет салу оқу қызметінде балалардың тек сурет салып қоймай басқа да үйреніп жатырған білімдері туралы айту</i>

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау

циклограммасы

І-апта 24.01-28.01.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Ғажайып қыс»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 27.01.2022ж
ҰОҚ дайындық	«Аққайың» кіші тобы
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Серуенге қажетті ойын материалдарын дайындау Тақырыбы: «Қардағы іздер» Мақсаты: Қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуге үйрету. Сурет салуға деген қызығушылықтарын жетілдіру. Шаттық шеңбері Күлімдеп күн бүгін, Қарады маған да. Күлімдеп күн бүгін, Қарады саған да, Шуағын төгіп тұр. Өткен оқу қызметін еске түсіру, балалардың салған суреттерін көрсету -Балалар мына дәптерлеріңде сендер ненің суретін салдыңдар? -Іздер -Ненің іздері -Аю, қоян -Ізді қайдан көрдік? -Қардан көрдік Тақпақты қайталатып жатқа айтқызу Домалатып ақ қарды, Ұла қарлар жинаймыз. Үлкен, кіші, орташа, Дөңгелектеп құраймыз. Қардан тек аңдар емес адамдар, машиналар, құстар іздерін көруге болады екен, Енді ақ параққа емес ақ қарға із салып үйренеміз -Серуенге шығару -Қажетті құралдарды дайындау -Серуенде ең алдымен аяқ ізін салып, салынған ізге бояумен дақ түсіру; -Бала қызығушылықпен орындайды. Серуенде «Кім қарды тез домалақтайды?» ойынын ойнату «Шанамен сырғанаймыз» ойыны Қорытындылау: Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? -Несімен ұнады? -Ойын ойнағанда қарға тағы қандай іздер салдық? Балалар сұрақтарға жауап береді
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Табиғатта өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін түсіндіру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	«Бала денсаулығының кепілі-таза ауада серуендеу» кеңес

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 31.01-04.02.2022ж

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 03.02.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	<i>Серуенге қажетті ойын материалдарын дайындау</i>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Аққала бізде қонақта» Мақсаты: Үлкен-кіші дөңгелектерді рет-ретімен орналастырып, трафарет және дәстүрден тыс бастыру әдісі (губкамен) арқылы, аққаланың бейнесін сала алады. «Көңіл күйге арналған психологиялық жаттығу» жүргізіледі - Ауа-райына қатысты сұрақтар қою. - “Қыс қызығы” суреті бойынша әңгімелесу. - Әр баладан ерекше жақсы көретін қысқы ойындары мен ермектерін сұрау. Аққала туралы жұмбақ жасыру. Мені ешкім өсірген жоқ Мені қардан жасады Мұрын орнына сәбіз қойды Ерін орнына ағаш қойды Суық және үлкен болдым Сонда мен кім болдым? Жұмбақтың шешуін тапқан соң ойыншық аққаланы табуды ұсыну. Ойыншық аққаланың неден жасалғандығын және серуен кезінде неден жасауға болатындығын сұрау. Балаларға аққаланы көрсетіп зерттеу жүргізу. Неше бөліктен тұрады? Түсі қандай? Адамға ұқсастығы бар ма? Аққаланың суретін салу жолдарын көрсетіп таныстыру. - Бастыру әдісі арқылы аққаланы салу - Дайындалып езілген көгілдір бояуға қылқаламның ұшын ақырын жартылай батырып дөңгелектің ұшын оңға қарай бояу керектігін көрсету. Мұрнын қызғылт сары түспен, көздерін қара түспен бояуды көрсету. Сергіту сәтін жасату. Ауыл алды аққала Ақша қарда балалар Соғып жатыр аққала Жалқауы жоқ жұмысқа Қорытындылау: Балалар жұмысты аяқтаған кезде салған суреттеріне назар аударып, қыс қызығы жайлы айтып, әдемі сурет салған балаларды атап өту.
Іс-әрекет түрлері	<i>Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау</i>
Балалармен жеке жұмыс	<i>Тапсырма орындауда көмек көрсету</i>
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	<i>Тәрбиешілерге ұсыныс: балалардың сурет құралдарын жаңарту</i>

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 07.02-11.02.2022ж

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Көліктер»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 10.02.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	«Торғайлар мен машина» ойынын ойнату
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Машинаның дөңгелектері» Мақсаты: Көлік түрлері туралы түсінік беру. Машинаның дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету. Жұмыс барысында балалардың белсенділігін дамыту. Қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру Шаттық шеңбер жасау: Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! -Балалар сендер бір-біріңмен доссыңдар. Бір балабақшаға келесіңдер. -Балабақшаға келгенде не істейсіңдер? -Ойнаймыз -Немен ойнайсыңдар? -Ойыншықтармен ойнаймыз. -Балалар топта көптеген ойыншық машиналар бар, үйлеріңде де бар ма? Балалар мына суреттерде жеңіл және жүк машинасы, жедел жәрдем машиналары бейнеленген. Сендерге қай машина ұнайды? -Машинаның түсі қандай? Неше дөңгелегі бар? Балалар ойыншықтарға көмектесу үшін алдарыңдағы парақтағы дөңгелегі салынбаған машинаның дөңгелегін тығын арқылы салу керек. -Ол үшін алдымен тығынды қолдарыңа алыңдар, оны алдарыңда тұрған қара бояуға ұқыпты батырып, бірінші алдыңғы дөңгелегін, сонан кейін артқы дөңгелегін бастырып бояңдар. -Бұл жүк машинасы болғандықтан, дөңгелегін тегіс етіп бояуымыз керек. Сөздік жұмыс: тығын, дөңгелек. Балалар жұмыс жасап болсақ, бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті. Күн болып жсанайық, Мөлдір су боп ағайық. Гүл болып жайнайық, Терең-терең дем алып. Жүгіріп-жүгіріп алайық. Қорытындылау: Оқу қызметі бойынша түсінгендерін, нені игергендерін сұрақ-жауап арқылы білімдерін бекіту
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Тығынмен сурет салуда сурет дәл, нақты шығу үшін тығынды дұрыс ұстауды көрсету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалар қабілетіне байланысты жеке жұмысты қажет ететін балалармен бірлесе жұмыстану керектігін түсіндіру

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 14.02-18.02.2022ж

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Техника және біз»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 17.02.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	«Артығын тап» ойыны. Техника құралдары туралы түсінеді, ажыратады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Телефон тұтқасының сымын жалға» Мақсаты: Балаларға дайын телефон суретіне қарандашпен сызық қосу арқылы телефон тұтқасын сала білуге, сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалануға үйрету Балалар, біз оқу қызметімізді бастамас бұрын, ойын ойнап кетейік. Педагог жетекшілігімен «Не зат, не үшін керек?» ойыны Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрып бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды екінші бала қажеттілігін айтады. Мысалы: үтік – киімдерді үтіктеу, тоңазытқыш – азық-түлікті сақтау. (балалар ойынды қызыға ойнайды) Дұрыс айтасыңдар! Осы заттар барлығын Тұрмыстық техника деп атаймыз. -Ал, енді, тақтаға назар аударайық. Тақтада телефон суреттері. «Телефон – байланыс құралы» Бірақ біз оны біреумен ойнау үшін немесе қорқыту үшін пайдаланбауымыз керек. -Ең алғаш телефон соққанда, телефон соғып тұрған адам не істеу керек? -Амандасу керек -Соңынан ше? -қоштасып кету - Ал біз сөйлесе аламыз ба? Қане сөйлесіп көрейікші. - Дәрігермен. (Балаларды рөлге ендіріп сөйлету, сөйлеткендерін талдау. Қандай қате кетті?) Телефонның әр түрімен таныстырып кету -Қазір біз көбіне үй жағдайында пайдаланатын телефонның сымын саламыз Салу жолын түсіндіру. Қарандашпен сызық қосу арқылы сымның суретін салу Сергіту сәті: Телефон Әй, телефон, телефон, Мамаң келіп бұраса. Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің, Әй, телефон, телефон, Ал мен келіп бұрасам, Кім керегін сұрасам, Тыңдамайсың бірін де, Гуілдейсің, мұның не? «Иә, жоқ» -ойыны Ойынның шарты: Берілген сұрақтарға «Иә», немесе «жоқ»-деп жауап беру. Сұрақтар: Ересектерсіз үтікті қосу? -жоқ -Батерейкалы ойыншық машинамен ойнау? -иә

	-Кір жуатын машинаға қолды салу?-жоқ -Робот машинамен ойнау?-иә Ұялы телефонды көп пайдалануға бола ма?-жоқ Қорытынды: сұрақ жауап арқылы қорытындылау,жақсы салған балаларды мадақтау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Техника құралдарын дұрыс қолдануды үйрету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Балалармен бүгінгі оқу қызметінде балалардың жасаған жұмыстары туралы айту

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 21.02-25.02.2022ж

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы:«Мамандықтың бәрі жақсы»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 24.02.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	«Кімге не қажет?»мамандық иелеріне байланысты құралдарды ажыратып, сәйкестендіріп орналастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Үй саламыз» Мақсаты: Мамандық түрі-құрылысшы туралы түсінік беру.Сендер тұратын үй,сендер келетін балабақшаны құрылысшылар салады т.б туралы әңгіме жүргізу. Үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.Қарандашпен сурет салу дағдыларын жетілдіру. Отбасы мүшелеріне арналған жылулық шеңберін орындату Сәлем саған ата! Сәлем саған әже! Сәлем саған әке! Сәлем саған ана! Мағанда бір сәлем! Отбасыма бір сәлем! -Отбасы деген не? Балалар жауаптарын толықтырып түсінік беру.Отбасы,отбасы мүшелері бір үйде бірге тұратын адамдар. -Балалар тұрып жатырған үйлерімізді кімдер салған? -? Үйлерді «Құрылысшылар»үлкен еңбекпен салады (суреттерін көрсету) Әртүрлі үйлердің суреттерін көрсетеді. Олардың терезелері, есіктері, шатырларының көлемдеріне көңіл аудартады, салыстырады, қаланың, ауылдың,яғни бір және екі қабатты үйлерінің суреттерін көрсетеді. Біз қазір бір қабатты үйдің суретін саламыз. Үйді салу жолдарын түсіндіру: Бір қабатты үй. 1. Бір қатарға екі терезе салу үшін жоғарыдан төмен қарай түзу сызық сызылып, шаршы жасалады. 2.Есігі тік төртбұрышқа ұқсайды.

	3.Шатыры үшбұрыш болы келеді, парақтың жоғарғы жағына нүкте қойып, әртүрлі жаққа екі сызық жүргізіледі. Бой сергіту жаттығуы Мен құрылысшы боламын, Зәулім үйлер саламын. Өз ауылымды көркейтін, Ел алғысын аламын. Балалар жұмысын жалғастырады. Қорытындылау:Балалар жұмыстарын қарап,аяқталмаған суреттерін оқу қызметінен тыс уақытта салатындарын айту.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанана бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Баяу қимылдайтын балалармен жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Балалармен бүгінгі оқу қызметінде балалардың жасаған жұмыстары туралы айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 28.02-04.03.2022ж


Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы:«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 03.03.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	«Кімге не қажет?»отбасы мүшелеріне байланысты тапсырмалар орындату
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Орамалды безендіру» Мақсаты: Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету Отбасы мүшелеріне арналған жылулық шеңберін орындату Сәлем саған ата! Сәлем саған әже! Сәлем саған әке! Сәлем саған ана! Мағанда бір сәлем! Отбасыма бір сәлем! Отбасы туралы әңгімелеу -Балалар сендер отбасындағы адамдарды жақсы көресің бе? -Отбасында сені қалай еркелетіп айтады? Балалар алдымызда отбасының бір мүшелерінің мерекесі келе жатыр.Сол мерекеге арнап сыйлықтар жасауымыз керек. -Кімдердің мерекесі екенін білесіңдер ме? Орамалды иығына жауып, балалардан нені жамылып тұрғаны жайлы сұрайды: -Балалар, бұл не? -Түсі қандай? -Қандай геометриялық пішінге ұқсайды? -Орамал әдемі ме? -Неге орамал дейміз? Балаларға ұсыныс жасайды: -Сендер осындай әдемі орамалдың суретін салуларыңыз керек. Өйткені біздің

	аналарымыз, әжесіміз оны тағады. Өз аналарыңа, әжесіңе арнап орамалдың суретін салуға болады. Себебі: Келе жатырған мереке аналарымыз бен әжесіміздің мерекесі. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз Қылқаламды қоямыз. Бір отырып, бір тұрып Біз серігіп аламыз. Орамалдың салыну жолдарын түсіндіреді. Балаларға қиылған шаршы ақ қағаз ұсынылады, тәрбиеші оның шеттеріне түзу сызықтар жүргізу үшін нүктелер белгілеп қояды, балалар сол нүктелерді қарындашпен жоғары бөлігін екі сызықпен жоғарыдан төмен қарай сызып қосып алады. Енді ортасына бастырма арқылы безендіру керектігі түсіндіріледі Отбасыға байланысты саусақ жаттығуын орындайды: «Бір үйде біз, нешеуіміз?» Қорытындылау: Керемет қандай әдемі орамалдарды салдыңдар! -Түстері қандай? Балалардың суреттерін мақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Баяу қимылдайтын балалармен жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын ата-аналарына беріп жіберу

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 07.03-11.03.2022ж


Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «Ертегілер елінде. Театр әлемі»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 10.03.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Ертегі кейіпкерлерін топтастыр, ретімен орналастырады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жол бойымен домаланған бауырсақ» Мақсаты: Балалардың қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Оңнан солға қарай түзу сызықтар салуды жалғастыру. Жылулық шеңберін орындайды; Бір-біріне қарап күлу; Қолдарын ұстау; Шеңбер бойлай жүру; Қолдарын шапалақтап қуану «Бауырсақ» ертегісін түсіндіреді. Атай мен әжесі ұннан қамыр илеп, одан домалақ бауырсақ пісіріп, терезенің алдына қойған кезде, ол домалап кетеді. Түзу жолмен домалап келе жатқанда аюға, қасқырға, қоянға жолығады, ең соңында түлкіге жолығады, ең соңында түлкіге кездеседі. Түлкі оны аяп, атай мен әжесіге алып барады. Ертегі кейіпкерлерін фланелеграфқа қою арқылы естеріне түсіреді. Бауырсақ үйіне келген соң, ойыншықтарға жете алмай адасып кетіпті. Біз бауырсақ одан әрі адасып жүрмеуі үшін оған әдемі түзу жол салып берейік. Алдарыңда бауырсақтың бейнесі бейнеленген парақ қағаз бар. -Бауырсақтың бейнесінен бастап оңнан солға қарай екі түзу сызық сызасыңдар да, өздеріңе ұнаған түстермен бояйсыңдар. -Бұл бауырсақтың адаспай жүруіне көмектесетін жолдар болады.

	-Егер сендер жолды қисайтып алсаңдар, бауырсақ тағы да адасып кетуі мүмкін. Сондықтан мұқият болуға тырысыңдар. Үлгі суретті көрсетеді. Түзу сызық сызу қолынан келмей отырғандарға көмектеседі. Балаларға салған суреттері бойынша әңгімелетеді. - Міне,осындай әдемі түзу жолмен бауырсақ ойыншықтарға аман-есен,адаспай жететін болды. Қорытындылау:Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырады. Балалардың жұмыстарын бағалап қорытындылайды.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Баяу қимылдайтын балалармен жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Балалардың әр күнгі жетістігіне қуану

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 14.03-18.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы:«Өнер көзі халықта»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 17.03.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Дидактикалық ойын: «Моншақтың саяхаты» ойыны.Шарты: Шынай жолдар арасымен жалғыз моншақты саусақтарымен итеріп, жүру арқылы моншақты көтермей домалату.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Түрлі-түсті моншақтар» Мақсаты: Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету,саусақ арқылы моншақтың суретін салуға үйрету.Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Ойын-жаттығу Кел, ойнайық, ойнайық, Текке қарап тұрмайық. Ойын ойға жетелер, Ойынға бір тоймайық. Тосын сәт Ой-ой-ой, балалар сендермен ойнап жүріп әдемі моншақтар тауып алдым. Жерде шашылып жатқан мұз моншақтарды жинап, балаларға үлестіріп беру -Балалар бұл моншақ ерекше екен. Мұқият қараңдаршы, бұл неден жасалынған. Балалар моншақтың мұз екенін айтады -Дұрыс айтасыңдар, бұл мұздан жасалынған моншақтар. Ой, мына мұз қолымызда еріп барады ғой. Біздің алақанымыз жылы болғандықтан мұз еріп жатыр, мұз судан пайда болатынын біз жақсы білеміз. Қыс мезгілінде қар жауып, күн суытқандықтан сулар қатып мұзға айналады. Қазір қыс мезгілі аяқталып, көктем мезгілі басталды, күн жылынып,қарлар күн шуағымен еріп жатыр. (Алақандағы мұз моншақ еріп кетеді) Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» Мазмұны: Балалар қапшықтар ішіндегі үлкен- кіші моншақтарды саусақпен ұстап сезу арқылы ажыратады. Балалар, біз сурет салмастан бұрын саусақтарымызды жаттықтырып алайық. Саусақ жаттығуы: Қолымыздағы жалғыз моншақты алақанымызға салып, қос алақанмен айналдыру, қыздырып алу; Моншақтарды басбармақпен басқа саусақтарды ауыстыра отырып ұстау.

	Қос саусақ арасымен моншақты қысып ұстау; Сурет салу ережесі: -Саусақ арқылы моншақтың суретін салу; -Бояумен ұқыпты жұмыс істеу; Мен әдемі моншақпын, Нүктелерім бар сонша көп. Ақылың болса адаспай, Тізбегіммен қоса сал Қорытынды:Жарайсыңдар, балалар сендер моншақтардың суретін салдыңдар. Түстерін ажыраттыңдар.Балаларды мадақтау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жананама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Баяу қимылдайтын балалармен жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Балалардың әр күнгі жетістігіне қуану

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 21.03-25.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы:«Нұр төккен, гүл көктем»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 24.03.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Дидактикалық ойын: "Күн шуақтары"
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Күн жарқырап тұр» Мақсаты: Айналмалы сызықтар жүргізіп,үлгі бойынша жұмыстану іскерліктерін арттыру.Қоршаған табиғат сұлулығын көре білуге тәрбиелеу. Шаттық шеңбер Сәлем, Аспан-Ата! Сәлем,Жер-Ана! Сәлем,Алтын - күн! Қуанайық бәріміз! Күліп шықты күн бүгін. Балалар енді мен сендерге жұмбақ жасырамын. Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады.Күн - Өте тамаша - Бүгін күн қандай? Ауа райы қандай? - Күн жарқырап тұр, ауа райы жылы. - Күн қандай болады? - Дөңселек, үлкен, ыстық болады. - Күннің түсі қандай? - Күннің түсі сары болады. - Балалар, күннің көзі жарқырап шыққан кезде табиғат құлпырып, гүлдер шөптер, құстар, жануарлар, адамдар ұйқыдан оянып өздерін қуанышты сезінеді. (Балалар мұқият тыңдайды). - Күн бізге , жерге жылуын , сәулесін шашып тұрады. Балалар мен сендерге " Арайлы күнде қонақта " деген ертегі айтып берейін. (Ертегі слайд арқылы көрсетіледі).

	- Сендерге ертегі ұнады ма? - Иа, ұнады. - Күнді қалай оятты? Күн неліктен көпке дейін аспанда болған жоқ - Оны бұлт басты Енді осы жарқырап шыққан күніміздің суретін саламыз. Айналмалы сызықтар жүргізу арқылы сары бояулы карандашпен күнді бейнелейді -Балаларға түсіндіру,көрсету,балалар жұмысына назар аударып қадағалау (Балалар әуенмен сергіту сәтін қимылмен орындайды) Топ, топ , топ , топ басайық Жалаудан күн жасайық Жаса, жаса алтын күн! Жаса, жаса жарқын күн! Қорытындылау:Балалар жұмысын талдау - Күн қандай болады?Күннің түсі қандай?Күннің түсі сары болады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанана бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Баяу қимылдайтын балалармен жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Үйге тапсырма: Күн туралы тақпақ жаттау

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 28.03-01.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді,құс келді»

Апта тақырыбы:«Көктем жаршысы құстар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 31.03.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Дидактикалық ойын: "Күн шуақтары"
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Құстар ұшады» Мақсаты: Балаларға алақанның көмегімен сурет салудың әдістерін көрсету.Тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын дамыту. Шаттық шеңбері Балалар, біз дөңгелене тұрамыз; Бір біріміздің жүзімізді көреміз; Бір бірімізге жымыямыз; Осылайша қуанышқа бөленеміз. Үнтаспадан дыбыс естіледі Бұл құстардың сайраған дыбысы. - Балалар бұл нелердің дыбысы? -Балалар сендерді аналарың құстардың атына байланысты қалай еркелетеді? Құс туралы бейне таспа қойылады(шағын ғана мәлімет беріледі) Олай болса қазір біз құстың суретін саламыз. Сурет салу ережелері: Алақанның көмегімен құстың суретін салу жолын көрсету; -Аяғын, көзін, тұмсығын саламыз. -Қылқаламмен бояймыз. -Сурет салып болғаннан кейін қолды жуып,сурет салу құралдарын орнына жинақтау Сергіту сәтін орындау. Әуен қосылып тұрады Балалар қимылмен орындайды «Құстар,құстар.Ұшты-ұшты»ойындарын ойнату

	Қорытындылау: Балалар сендер ненің бейнесін салдыңдар? Бәрінде қанат бар, денесі қауырсындармен жабылған оларды бір сөзбен «Құстар» деп атайды. Балалардың еңбегін мадақтау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанана бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Баяу қимылдайтын балалармен жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Балалар жасаған жұмыстарымен таныстыру

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы

3-апта 04.04-08.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді,құс келді»

Апта тақырыбы:«Ғарышқа саяхат»

Сурет салу педагогы:А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 07.04.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Аспан денелерін суреттер ішінен ажыратып алу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Ғарыш зымыраны» Мақсаты: Балаларға ғарыш туралы түсінік беру,геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіруді үйрету. Шаттық шеңбері Армысың алтын күн! Амансың ба, жер ана! Армысың, көктем! Тыныс алу жаттығулары: « Шөп арасынан не көрдің? Мақсаты: Дұрыс тыныс алуға жаттықтыра отырып ұшатын және ұшпайтын заттарды ажыратуға үйрету. -Жасыл шөп бейнесіндегі түсті қағаздың астындағы бейнені үрлеу арқылы ажыратып айтады. - Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? - Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? - Балалар көктем мезгілінде ғарышкерлер күні. - Сендер ғарыш туралы білгілерің кедеді ме? -Онда мына зымырандарға мініңдер. Әр балаға зымыран бейнесіндегі қатты қағаз таратылып, балалар терезелерден бастарын көрсетеді. Артикуляциялық жаттығу жасау: - У - у - у - у - у - у! Енді геометриялық пішіндерден бастыра отырып,зымыран суретін саламыз. Ол әрине «Ғарыш зымыраны» Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаға көңіл бөлу Сергіту сәті: «Қане қанат жазайық, Зымыран боп, ұшайық. Ай бетінде болайық, ҰОҚ дайындық барысында жинақталған аспан денелерін «Фланеграфқа» орналасады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанана бақылау

Балалармен жеке жұмыс	Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаға көңіл бөлу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалар жасаған жұмыстарымен әрдайым таныстырып, хабардар ету.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 11.04-15.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді, құс келді»

Апта тақырыбы: «Көктемгі ағаштар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 14.04.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Көктем мезгілінің суреттерін қарап, қысқаша әңгіме жүргізу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар» Мақсаты: Балалар көктем мезгілі туралы түсіне отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салуды меңгерту Шаттық шеңбері Армысың алтын күн! Амансың ба, жер ана! Армысың, көктем! Жыл мезгілін, ай, апта атауларын сұрап, естеріне түсіру. - Қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінде неше ай бар? - Қазір көктем мезгілінің қай айы? Бейнежазбаны көрсете отырып, көктем мезгілі туралы түсінік беріледі Балалар көктем мезгілінде күн жылы болады. Құстар жылы жақтан келеді. Күн бейнеленген суретті көрсетеді. Бұл-ең үлкен және қайырымды керемет күн. Тағы ол қандай? «Салыстыр және ата» ойыны. Тәрбиеші сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды. Күн сары, (бақ-бақ) сияқты Күн дөңгелек (доп) сияқты Күн мейірімді, (анамыз) сияқты, т.с.с. - Көктем күнге қалай көмектесті? Неліктен қар ериді? Көктемде ағаштарда не пайда болады? Бүршіктің түсі қандай? Ал ағаштың ше? «Көктемдегі ағаштар» суретін саламыз. Сергіту сәті: Шапалақта қолыңды, Жай, жай, жай! Міне, былай! Шапалақта қолыңды. Тез-тез-тез! Тез-тез-тез! Сурет салу тәсілі - Ақ парақ қағаздағы ағашқа мақталы таяқша арқылы бүршік салу; - Бояуды мақталы таяқшамен ағашқа жайлап тигіземіз; - Жеңіл қозғалыспен орындаймыз; Қауіпсіздік ережесі: Мақталы таяқшаны ауызға салмаймыз; - Құлағымызды шұқымаймыз; - Акварельді иіскемейміз, қолмен ұстамаймыз. Балалар көктем ағаштарының суретін салады. Сұрақ-жауап, жасаған жұмыстарын мадақтау арқылы оқу қызметі қорытындыланады.

Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың салған суреттерін қарап, көмектесу.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың сурет салуға қанишалықты қызығушылықтары бар екенін айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
1-апта 18.04-22.04.2022ж
Өтпелі тақырып: «Көктем келді, құс келді»
Апта тақырыбы: «Жер-Ана»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 21.04.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Көктем мезгілінің суреттерін қарап, қысқаша әңгіме жүргізу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жылғалардан су ақты» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қылқаламмен ирек сызықтар салуды жалғастырып, бояуды үйрету. Жыл мезгіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту Шаттық шеңбері Армысың алтын күн! Амансың ба, жер ана! Армысың, көктем! Жыл мезгілін тоқталу - Қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінде неше ай бар? - Қазір көктем мезгілінің қай айы? Сурет бойынша көктем мезгіліндегі болатын өзгерістер туралы әңгімелейді. Өлең шумағын айтып, балаларға қайталау Жердің беті нұрланған. Сайды қуып су ақты, Гүлдер өсті ырғаланды. Осы жыл мезгілінің бейнесін парақ бетіне бейнелейік. Су аққан жылғаның суретін салайық. Әрқайсыларыңның алдарында гүлдер салынған парақтар бар, қазір біз осы гүлдердің ортасынан жылжып су ағып жатқан көктемгі жылғаның суретін саламыз. Ол үшін қылқаламды көк бояуға батырып, арасы алысқа екі ирек сызық жүргізіп алып, ортасын көгілдір түспен бояймыз. Балалар өз бетімен жұмыс жасайды. Балаларға бағыт- бағдар беріп отыру. Балалар қылқаламдарын көк бояуға батырып, екі қатар арасын ашып, ирек сызықтар жүргізіп, ортасын көгілдір түспен бояйды. Қорытынды: Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. -Балаларға ұнаған жұмыстарды көрсетуін сұрау. -Жұмыстарын бағалап, балаларға үлгі ретінде өте жақсы жұмыстарды көрсету, мадақтау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау

Балалармен жеке жұмыс	Балалардың қылқаламмен жұмыстанудағы талаптардың орындалуын бақылау
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың сурет салуға қанишалықты қызығушылықтары бар екенін айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 25.04-29.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Көктем келді, құс келді»

Апта тақырыбы: «Аялайық гүлдерді»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 28.04.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Көктем мезгілінің суреттерін қарап, қысқаша әңгіме жүргізу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қызғалдақ гүлі» Мақсаты: Балаларға үзік сызықтарды қосып, гүл бейнесін салуға үйрету. Өздерінің жұмысының нәтижесін көре білулерін және қызығушылықтарын арттыру Шаттық шеңбері Сәлем саған Алтын Күн! Сәлем саған Көк аспан! Сәлем саған Жер ана! Сәлем саған досы! Балалар бүгін біздің оқу қызметіміз ерекше болмақ. Бүгін біз гүлдер әлеміне саяхат жасаймыз. -Саяхатқа немен шығуға болады? Саяхатқа біз поездбен шығамыз. -Жарайсыңдар, балалар! -Ендеше, саяхатқа бүгін біз поездбен шығамыз. - Жолға шығамыз ба? -Балалар біз гүлдер әлеміне келдік. Балалардың алдынан гүл ханшайымы шығады. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіз бе, гүл ханшайымы! -Мен «Гүл ханшайымымын». Мен гүлден жаралғанмын. -Балалар сендер менің гүлдерімді көруге келдіңдер ме? -Сендер менің тапсырмамды орындасаңдар ғана мен гүлдерімді көрсетемін. -Балалар, сендер гүлдер туралы тақпақтар білесіңдер ме? -Ендеше, айтыңдар. -Жарайсыңдар, енді мен өзімнің гүлдерімен таныстырамын. -Поездға отырып, көктем орманға барайық. -Керемет, қардың астынан шығатын сары бәйшешек гүлмен таныстырады. -Енді, поездға отырып, шабындыққа барайық. -Шабындықта қандай гүлдер өсіп тұр? -Дұрыс, қызғалдақ, оның түсі қызыл. Гүл ханшайымы: Менің қолымда сиқырлы қағаздар бар. Сіздерге таратып беремін. Сол қағаздағы үзік сызықтарды қоссаңдар, бір бейне шығады. -Балалар Гүл ханшайымының тапсырмасын орындайды; -Үзік сызықтарды қосып, қызғалдақ гүлінің бейнесін көреді. Гүл ханшайымы балалардың үзік сызықтар арқылы салған суретіне қуанып, ойын ойнатады. Ойынның аты «Гүлді жина» Балалар гүлді жинап, қолдарындағы гүлдердің түстерін ажыратып айтады.

	- Гүл ханшайымы, сізге рахмет. Енді біз балалармен сіздің гүлдеріңіздің суреттерін бояп, сізге сыйлағымыз келеді. Гүл ханшайымы:Жарайсыңдар, жақсы көп еңбек жасадыңдар. Менің сиқырлы қорапшам бар, оның ішінде сендерге арнап сыйлық дайындап әкелдім. (сыйлықтарды таратады). Енді мен гүл әлеміне оралуым керек, сау болыңдар! Қорытынды:Балалар поездбен балабақшаға оралады
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың суретті дұрыс салып орындалуын бақылау
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Баланың бір күндік жетістігімен бөлісу

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 02.05-06.05.2022ж


Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы:«Достық біздің тірегіміз»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 05.05.2022ж
	«Аққайың»кіші тобы
ҰОҚ дайындық	І-мамыр мерекесіне орай әзірленген суреттер жинақтарын қарату
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Ақкөгершін» Мақсаты: Достықтың белгісі-ақкөгершін туралы түсінік беру.Бастыру әдісі арқылы көк қағаз бетіне көгершін суретін салғызып,ақ түсті бояумен бояту.Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу Шаттық шеңбері Көктем келді далаға, Көктем келді көшеге. Көктем келді мейрам боп, Нұрын төкті әлемге. Тақпағын айтқызып,айтылған тақпақ мазмұнын түсіндіріп,жаңа тақырыпты ашу Балаларға ауа райы, көктем мезгілі жайлы әңгімелеу. Көктемде тағы бір жақсы мейрам болғанын АКТ көрсету -Адамдардың киінген киімдеріне назар аударту; -Қолдарына ұстаған гүл,шар,көгершіндерін көрсету «Көгершін»достықтың символы екенін айтып түсіндіру Сергіту жаттығуы орындалады Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады) Енді осы көгершінді бастыру әдісі арқылы салып,ақ түспен бояймыз -Көгершінді көк қағазға бастырту; -Ақ түспен бояту - Жұмыс аяқталғаннан соң сұрткіштермен алақанын сүртеді,жуады. -Балаларға сурет салу нәтижесінде көк аспанда ұшқан ақ көгершін бейнесін көрсету Қорытындылау:Тақтаға жер шарының суреті ілінеді.Балалар өздеріне берілген гүлдерді «Жеріміз гүлдене берсін»тақтадағы суретке жапсырады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау,жанама бақылау

Балалармен жеке жұмыс	Балалардың бастыру әдісін дұрыс орындауын бақылау
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың жасаған жұмыстарын түсіріп жіберу, ата-ана балаларының жұмысына өздері баға беру керектігін айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 09.05-13.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы: «Отан қорғаушылар»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 12.05.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	1-мамыр мерекесіне орай әзірленген суреттер жинақтарын қарату
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Мерекелік от шашу» Мақсаты: Отан қорғаушылар мерекесі туралы түсінік қалыптастыру, қызығушылықтарын арттыра отырып отшашу суретін салуды үйрету Шаттық шеңбер. Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды күніміз Қайырлы таң, балалар. Сиқырлы дорбаша. (дорбаша ішінде сурет). Мына суретке қараңдаршы бұл суретте не салынған? Әңгімелесу. -Отшашуды біз қай кезде қолданамыз. -Мамыр айында қандай мерекелер болды? -Отшашу қандай болады екен? -Отшашу болғанда аспан қандай түстерге боялады екен? 7-9 мамыр отбасымыздағы ата, әке, ағаларымыздың мерекесі болды. Сол мерекеде осындай отшашуларды қолданды. Біз отшашуларды сурет арқылы бейнелейміз. Сурет салу жолдары: 1. Қалың қылқаламмен парақты сулап аламыз. 2. Бояуға жіңішке қылқалам ұшын тигізіп, ақ парақтың жоғары жағына нүкте түсіріп алып, жан-жағына үзік сызықтар арқылы түрлі-түсті сызықтар түрлі түсті отшашуды саламыз. Отшашудың іздерін немесе жолдарын салу үшін сүйкей жағу тәсілі арқылы төменнен жоғарыға қарай сызықтар сызамыз. «Түстерді ата» ойыны қоржын ішінен алып шыққан фигурулардың түстерін атау. Мақсаты: түстерді ажырата білуге дағдыландыру. Қорытындылау -Бүгін біз ненің суретін салдық? -Отшашу қай кезде болады екен? -Отшашу болғанда аспан қандай түстерге боялады екен?
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың көктемгі мерекелер туралы қанишалықты түсінгендерін сұрақ-жауап арқылы білу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың жасаған жұмыстарын түсіріп жіберу, ата-ана балаларының жұмысына өздері баға беру керектігін айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 16.05-20.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 19.05.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Көбелектер мен гүлдерді түстері бойынша сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Бақбақтар» Мақсаты: Балаларға бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізу және бояумен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Өздері салған суретке қуана білуге үйрету. Жылудық шеңбері. Жыл мезгілі шуақты, Жердің беті нұрланған, Сайды қуып су ақты, Гүлдер өсті ырғалған. -Күн жылынып, алғашқы гүлдер шыға бастайды, сендер ол гүлдердің қалай аталатынын білесіңдерме? Балалар мен сендерге қазір бір жұмбақ жасырам, жауабын тауып көрейікші. «Кім жылдам?» Жұмбақ жасыру. Көктем мен жаз шыққан да, Басына сары қалпақ киеді, Күзге қарай қалпағы, Қалқи ұшып кетеді. Бұл не ? (ақ матаның астынан бақбақ гүлдерін көрсету) Бақбақ гүлдерімен таныстыру Бақбақ гүлі көктемде алғаш гүлдейді, түсі сары болады, күз кезінде қуырап, желмен ұшып кетеді. Бүгін біз сендермен өсіп тұрған бақбақ гүлдерін қылқаламдармен салып үйренетін боламыз. -Қылқаламмен түзу сызық арқылы жасыл түсті бояумен, жоғарыдан төмен қарай сабағын саламыз. -Қылқаламмен сары бояуға батырып, қағаздың үстіне бақбақ гүлінің суретін салып көрсету. Балаларға көрсету, түсіндіру Сергіту жаттығуы Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желге ырғалып шайқалған. Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. -Балаларға Бақбақгүлін бейнежазбадан көрсетеді -Қараңдаршы, балалар, алаңқайда күн қандай керемет, жып-жылы, күн сәулесін шашып тұр. -Күнді көргенде қалай қуанасындар? -Бақ-бақ гүліне әдемілеп қарайықшы, ол күнмен бірге оянып, күнмен бірге батады екен. -Бақ-бақ гүлі күнге несімен ұқсайды екен? -Бақ-бақ гүлінің сабағы және гүлі болады екен. - Бақ-бақ гүлі уақыты келгенде ақ түске енеді. Оның үлгілері жел тұрса ұшып кетеді екен, қәнекей бәріміз ақ түсті бақ-бақ гүлін үрлеп көрейікші. -Мінекей, балалар керемет! -Бақ-бақ гүлінің сиқыры осындай екен. -Балалар, бақ-бақ гүлін көбелектер, жәндіктер, аралар өте қатты жақсы көреді екен. Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың сурет салуға деген қабілеттерінің жоғары, орташа деңгейлерін бақылау

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Баланың жасаған жұмыстарын түсіріп жіберу, ата-ана балаларының жұмысына өздері баға беру керектігін айту
---	--

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 23.05-27.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы: «Көктемдегі егістік»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Бейсенбі 26.05.2022ж
	«Аққайың» кіші тобы
ҰОҚ дайындық	Үй жануарларын төлдерімен бірге фланеграфқа орналастырады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қошақанға шөп береміз» Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып, шөптің суретін салуға үйрету, қол қимыл-қозғалыс икемділіктерін қалыптастыру. Үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу Шаттық шеңбер жасау: Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық, Жерден нәр алайық, Алақанға салайық, Күннен шуақ алайық, Алақанға салайық. Әңгіме жүргізу. -Балалар, мына суретке қараңдаршы, мұнда не бейнеленген? -Ия, балалар, бұл суретте үй жануарлары бейнеленген. -Мынау балалар сиыр, сиырдың төлін бұзау дейміз. Ал мынау жылқы, жылқының төлін құлынишақ дейміз. Мынау қой, қойдың төлін не дейміз балалар? Естеріне түсіріп көріндерші. -Ия, дұрыс айтасындар балалар, қойдың төлін қошақан дейміз. -Балалар, қарандаршы мына қошақан жайылатын жасыл шөбі бар жер таппай жүр екен. Қошақанның қарны қатты ашып кетіпті, балалар енді не істейміз? Қошақандарға қалай көмектесе аламыз? -Су, шөп береміз -Жарайсындар балалар, ендеше сендердің алдарыңда сүйкімді қошақанның достарының суреті салынған қағаздар бар, әркім өз қошақанына шөп береді, яғни шөптің суретін салып береді. -Балалар, сендер шаршаған боларсындар, қане барлығымыз орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын жасап сергип алайық. Қошақанға өзі туралы ән орындап берейік Сергіту жаттығуы Қошақаны қойдың Қайда қалып қойдың? Бұлтыйып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың? -Балалар, қылқаламды ұқыпты ұстап, төменнен жоғары қарай сүйкей жағу арқылы шөптің суретін саламыз. -Жасыл түсті бояуды ұқыпты пайдаланамыз. -Жарайсындар балалар! Қошақандар сендерге ризашылықтарын білдіріп секіріп ойнақтап жатыр. (бейнежазбаны көрсету) Суреттерің өте әдемі болыпты. Қорытындылау: Балалар бүгін оқу қызметінде не салдыңдар?

	-Шөптің түсі қандай? -Балалар сендерге бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма?
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау, жанама бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың сурет салуға деген қабілеттерінің жоғары, орташа деңгейлерін бақылау
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың сурет салу оқу қызметі бойынша алған білім деңгейлерін көрсету